

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

[Источник: составлено автором на основе [5; 6]]

Таким образом, сказанное позволяет заключить, что существуют определенные отличия в подходах к преподаванию английского языка, обусловленные внешними факторами и внутривнутриполитическими решениями Казахстана и Кыргызстана. Ключевой закономерностью в преподавании английского языка в Казахстане является зависимость от использования для этих целей национального языка, а в Кыргызстане – английского. Значительное влияние на обучение английскому языку в вузах Казахстана и Кыргызстана оказывают работающие в странах международные институты и внедрение соответствующих программ и стандартов. Подчеркивается значительная роль цифровых технологий, используемых в университетах Казахстана и Кыргызстана при обучении английскому, однако каждое из государств идет своим оригинальным путем.

Список литературы

1. В Кыргызстане запустили проекты по обучению учителей английскому языку / 24KG. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://24.kg/obschestvo/258043_vkyrgyzstane_zapustili_proektyi_poobucheniyu_uchiteley_angliyskomu_yazyku/ (дата обращения: 10.02.2023).
2. В школах внедряют трёхязычие. Какие методики преподавания английского самые эффективные? / Informburo. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://informburo.kz/stati/v-shkolah-vnedryayut-tryohyazychie-kakie-metodiki-prepodavaniya-angliyskogo-samye-effektivnye-.html> (дата обращения: 10.02.2023).
3. Исабаева С. Будущее Казахстана – за русским двуязычием? / иац. – [электронный ресурс]. – <https://ia-centr.ru/publications/budushchee-kazakhstan-za-kazakhsko-russkim-dvuyazychiem/> (дата обращения: 10.02.2023).
4. Кочконбаева С.И., Тыныбекова Ч.А., Сыдыкова Т.М. Педагогические условия использования цифровых технологий в условиях дистанционного обучения по дисциплине «Английский язык» // Современные проблемы науки и образования. – 2022. – № 2.
5. Устелимова Н.А. Преподавание английского языка студентам - иммигрантам в ВУЗах Казахстана / Н.А. Устелимова // Наука через призму времени. – 2018. – №9 (18).
6. Цзэн Тин. Полиязычное образование в высших учебных заведениях стран Центральной Азии // Вестник Московского университета. – 2020. – №2. – С.102-117.
7. Sonaim I. Kochkonbaeva, Cholpon A. Tynybekova, Adelya D. Babaeva, Arzykan N. Shamuratova (2022) Conceptual foundations for forming students' communicative competence through the use of multimedia technologies in the process of studying English. No. 001 (2022): The First International Conference "Innovations in Medical Science and Education". Dela Press Conference Series: Medical Sciences, (2022). 1(4): 1-10. <https://doi.org/10.56199/dpcsms.oakw8094>

ОӘЖ 378. 411

ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ ГЕНДЕРЛІК САУАТТЫЛЫҒЫН ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Түспек Назерке, магистрант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Х.Т.Атемова - п.ғ.д., профессор

Қазіргі таңда ғылым мен қоғамда, сонымен қатар антропологиялық ғылымдардың барлығында гендер мәселесіне үлкен мән берілуде. Соған қарамастан пәндік ерекшеліктері де

сақталуда: әйел мен еркектің жеке дара қасиеттері мен ерекшеліктері талқыға салынуда; элеметтанушылар гендерлік ереже қоғамның гендерлік стратификациясы, еңбектің гендерлік бөлінуі және басқа да қызметтері туралы жиі сөз қозғауда; педагогикада гендерлік тәрбие, гендерлік элеуметтану және т.с.с мәселелер қарастырылуда.

«Гендер ұғымы жыныстың элеуметтік құрылымы деген мағынаны береді. Гендер қоғамның әйел және еркекке бөлінуінің өзі элеуметтік өмірдің, жемісі екенін көрсетеді», – деп гендер ұғымын элеуметтік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді [1].

Гендер – ерлер мен әйелдер арасындағы ерекшелік сияқты элеуметтік мазмұнға ие. Бұл ерлер мен әйелдердің бір-біріне деген элеуметтік қарым-қатынасын білдіреді. Гендерлік элеуметтану – бұл адамның өз гендерлік рөлін игеру үдерісі. Осы үдеріс арқылы «ер» және «әйел» ұғымына сәйкес қоғамдағы этикет нормаларын, жынысына қатысты құндылықтарды, қажеттіліктерді меңгеруге болады.

Бүгінгі таңда «гендер» ұғымы әйелдер мәселесіне байланысты екенін аңғарамыз. Осы ұғымға терең үңіле қарасақ, «гендер» тепе-теңдікті үйлестіріп отыратын саясатты қамтиды. Демек, тепе-теңдіктің өлшемі – ер азамат. Ал әйел ер адамнан кем болмауы тиіс. Олай болса, ер азаматқа жүктелген шаруаның бәрінен әйелдерді тыс қалдырмағанымыз жөн. Соңғы жылдардағы педагогикалық зерттеудің жетілген тұсында жарық көрген педагогикалық және психологиялық сөздікте «гендер» ерлер мен әйелдер арасындағы өзгешелікті негіздейтін элеуметтік жыныс мағынасын білдіреді [2].

Әйелдер мәселесі – қоғамдағы әйелдердің жағдайына ден қою, қоғам өмірінің барлық саласында әйел мен еркектің тең құқылығына қол жеткізу, ұлттық және ұлтаралық мәселелерді шешу, саяси, элеуметтік қайшылықтар мен кикілжіңдерді жеңу. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы ойшылдар әйелдер қозғалысын ер адамдармен бірдей азаматтық және саяси құқыққа тең дәрежеде қол жеткізу мәселелерін шешу ретінде қарастырды.

Баланың мінез-құлқы тәрбие арқылы қалыптасады. Егер бала ебедейсіз, шамшыл, өбектеліп өскен болса, бұған ең алдымен оның ата-анасы кінәлі. Отбасы үшін бала – зор қуаныш. Баласыз бақыт жоқ, бірақ баланың тууы ата-анаға зор міндет пен жауапкершілік те жүктейді. Отбасы тәрбиесі – бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастырудың қайнар көзі. Сондықтан оны балғын шағынан оқытып, жақсы тәлім-тәрбие беру керек.

«Егер бала тәртіпсіз болса, оған әкесі де кінәлі» демекші, баланы тәрбиелеу – әкенің де парызы. Келешекте ақылды әрі білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін ата-анасы баласын үнемі назарда ұстауы тиіс. Балаларды қолөнерге баулу, ғылым-білімге деген құштарлығын ояту – ата-ананың қасиетті парызы. Үлгілі тәртіптің негізі – білім, әдет-дағдыларға машықтану. Сондықтан баланы кішкентайынан тіл алуға, үлкендерді сыйлауға, ағайын-туысты, ата-ананы қадірлеуге үйрету керек. Жүсіп Баласағұн жас жеткіншектерді үнемі ақыл-ойын дамытып отыруға, табиғаттың құпия сырларын танып білуге шақырады: «Егер жақсы адам болғың келсе, онда білімді мол игеретін бол. Білімсіз адам – бұл надан адам».

Элеуметтік психология тұрғысынан қарастырсақ, гендер – еркек пен әйел міндеттері және элеуметтік ақпаратта әйел мен еркек арасындағы айырмашылықтар өте көп деп сендіретін орныққан мәдени ерекшеліктердің зор ықпалында. Осыған байланысты жастардың гендерлік тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі болып есептелінеді. Гендерлік тәрбие жоғары оқу орындарының студенттеріне маңызды өмірлік мәні бар, өйткені осы мәселе бойынша ақпараттың жеткіліксіздігі ортадағы таптаурындардың, дұрыс емес гендерлік көзқарастың, кейде гендерлік рөлдік кикілжіңдер күйзелістердің пайда боуына соқтырады [3].

Көптеген танымал басылымдардың авторлары қыз балалардың психологиясының ерекшелік мәселесі туралы өзіндік көзқарастарын ұсынады, бірақ бұл оқулықтардың басым көпшілігі автордың жеке тәжірибиесіне сүйенеді. Өткен ғасырдың 80-жылдары американдық тарихшы Джон Скоттың еңбегіндегі «гендер» термині қазіргі таңдағы көпшілік қауымға

белгісіз болды. Соңғы уақытта гендерлік зерттеулер педагогика ғылымының ажырамас бір бөлігіне айналуға, ал гендерлік мәселе педагогика ғылымының барлық бағыттарында пайда болуда. Әрбір педагогикалық құбылыс өзіндік тәжірибелі даму жолы мен соған сәйкес теориялық негіздемеге ие.

Бұл қыз балалардың да гендерлік тәрбиесіне қатысты. «Гендер» ұғымы 1975 жылы пайда болды. Осы ретте кейбір идеялар мен әзірлемелерді зерттей отырып, бұл ұғымның педагогикаға да қатысы бар екенін айта аламыз. Қыз балалардың гендерлік тәрбие мәселесін заманауи әлеуметтік қыбылыс ретінде зерттеу үшін қысқаша оның антикалық кезеңнен бастап даму ерекшеліктеріне талдау жасау керек. Көбінесе антикалық кезеңдегі гендерлік зерттеулер туралы айтатын болсақ, оларды Аристотель және Платонның есімдерімен байланыстырамыз [4].

Афиналық Платон жалпыға бірдей оқыту позициясын ұстанды. Ол балалардың қоғамдық тәрбиесі ұлға да қызға да бірдей болуы керек екендігін алға тартады. Әйел адамның табиғаты еркекке қарағанда ерекше болса да, ол түрлі міндеттерді атқаруына кедергі тигізбейді деп тұжырымдаған. Қыз балалардың өз қабілеттеріне қарай философ та, жауынгер де бола алатындығын айтқан. Платон да теңдік идеясын қолдады. Бірақ оның көзқарастарында қарама-қайшылықтарды да кездестіруге болады. Ол әйелді төменгі сатыға жатқызып, оған деген махаббаты ұрпақты жалғастыруға негізделген жануарлық сезім деп есептеген.

Аристотель қыздар мен ұлдарды бөліп оқыту идеясын ұстанған. Ол еркек пен әйел табиғаты әртүрлі, сол себепті өз қызметтеріне сай білім мен дағдыны қабылдауы тиіс деп санаған. Олардың әрқайсысы бір-бірінің істеріне араласпай, табиғи міндеттерін атқаруы керек. Сондықтан әйелдің бастапқы қызметі дүниеге ұрпақ әкелу және үй шаруашылығын жүргізу болды. Тәрбиелік тұжырымдарды әзірлеу барысында ойшылдардың жыныс мәселесіне қатысты ойлары философиядан қоғамдық қатынастар саласына ауыса бастады. XVIII-XIX ғасырларда көптеген философ-тәрбиешілер және қоғамтанушы ғалымдардың пікірі бойынша, екі жыныстың өмір сүру мәні ол адам ұрпағын көбейту деген ортақ тұжырымға негізделеді.

Өткен ғасырлардағы ағартушылардың, педагогтар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектерінде жыныстық-рөлдік (қазіргі таңда гендерлік) тәрбие мәселесіне қатысты түрлі ойларын кездестіреміз. Мәселен, Жан-Жак Руссо қыздар мен ұлдарды тең жағдайда тәрбиелеу керек деп, әйел тәрбиесіне байланысты жаңашыл идеялар ұсынды. Ол әйел мен еркектің қайырымдылықтары әртүрлі, сондықтан әйел ұяң, қу, қылықты болу керек, ал еркек ашық, тік мінезді, шыншыл болу керек деп есептеген. Еркек тек өзіндік ойларына сүйенуі тиіс, ал әйел басқа да адамдардың пікірлеріне құлақ асуы керек, еркек ешқашан өтірік айтпауы, ал әйел кей кездерде алдамауы тиіс [5].

Ағылшын философы Джон Локк тәрбие жүйесі байлардың балаларының білім алуына ғана бағытталуы керек, дәлірек айтқанда іскер, тапқыр еркекке, оның тәрбиесі отбасына жағдайында арнайы даярланған тәрбиеші қармағында өтуі тиіс деп есептеген. Болашақ ер азаматтарға ол латын, ағылшын, француз тілдерін меңгеруге, философия, математика, география пәндерін үйренуді кеңес берген. Оның ойынша, нағыз леди өз тәрбиесіне сай би, ән салу, өнерді және ақсүйектік әдет пен мінез-құлықты меңгеруі тиіс.

Ян Амос Коменский бөліп оқыту ұстанымын қолдап-қуаттағанымен, оқытудың педагогикалық қағидаларын әзірлеу барысында тең мүмкіндіктер қағидасын толық негіздемеген. Академияда оқу тек қана ұлдарға ғана қарастырылған.

Иоганн Генрих Песталоцци балалардың жынысына қарай тәрбиелеу мәселесіне қатысты педагогикалық көзқарастарды қатты сынға алды. Ол жалпыға бірдей білім беру ұстанымын құптады, оның пікірі бойынша тәрбиенің мәні – баланың табиғи даму заңдылықтарына сәйкес туа біткен қабілеттерін дамыту деп есептеген.

К.Д. Ушинский тәрбиеге патриархалдық тұрғыдан келуге қарсы болған. Ол бірдей тәрбие беруді ұстанған және еркек пен әйелдің теңдігі үшін күрескен. Григорий Ващенконың пікірі

бойынша, тәрбие беру барысында ұлттық дәстүрлердің ерекшелігіне сүйену керек: ер жігітте адами қайырымдылық пен ұстамдылықты, әйел баласында балаға деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті тәрбиелеу қажет [6].

А.С. Макаренконың ойынша, жыныстық тәрбиеде ең бастысы еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынасты жолға қою керек. В.А. Сухомлинский жыныстық тәрбиеде ең басты қажеттілік жігіт пен қыз арасындағы үйлесімділік пен өзара сыйластық деп тұжырымдаған. Жыныстық рөлдердің патриархалдық бөліну позициясын ұстанған.

И.С.Кон мынадай тұжырымдама жасайды: өз қатарлары, сондай-ақ қарама-қарсы жыныстағы құрбы-құрдастары қыз баланың гендерлік әлеуметтенуінің негізгі әмбебап факторы болып табылады. Қыз бала өз құрбы-құрдастарының ортасында өзін белгілі бір жыныстың өкілі ретінде көрсетеді және жанұядан алған үлгі-тәрбиесін сол ортада қолданады. Егерде қыз баланың дене бітімі кішірек яғни әлсіздеу болса, онда оның өз қатарларындағы қыз балалар арасында орны ерекше болады, сондай-ақ дене бітімі толықтау қыздар қыздардан қарағанда ұл балалармен тіл табысқыш келеді. Дәл осы құрбы-құрдастардың қыз балаға әсері кей жағдайда баланың өзі таңдаған өмірлік жолын, өз көзқарасын өзгертуге ықпалын тигізуі әбден мүмкін.

Жалпы, моральдік-этикалық дәстүрлерді халық даналығының негізгі бір көрінісі ретінде қабылдау қыз балаларға тәрбие беруде бүгінгі білім беру жүйесі үшін аса маңызды. Себебі, қыз балалардың моральдік-этикалық мәдени деңгейінің дұрыс қалыптасуы мұғалімнің тұлғалық адамгершілікті моральдік-этикалық қасиеттеріне, осы бағытта меңгерген тарихи-теориялық, практикалық, білім, іскерлік, дағды деңгейіне байланысты айқындалады. Нәтижесінде бұның барлығы қазақ халқының моральдік-этикалық тәрбиесіндегі озық дәстүрлерін зерделеуге бағыттайды. Бүгінгі өзгерістер – әлем тарихында болмаған жаңа мүмкіндіктер мен жаңашылдықтар дәуірі.

Ұлттық білім беру жүйесін отбасының құнды өміріне белсенді қатысуынсыз модернизациялау мүмкін емес. Осы тұста қазақстандық қоғамның трансформациясы мен модернизациясы, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету отбасын тұлғалық және қоғамдық құндылық ретінде қабылдаудың қажеттілігін зерттеуді талап етеді. Бұл қоғамның қазіргі заманғы даму кезеңдерінде отбасы институтында туындап жатқан күрделі мәселелермен және қарама-қайшылықтармен түсіндіріледі.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, отбасы - адамгершілік құндылықтар феномені барлық құбылыстар секілді адамзат қоғамында пайда болған және оның даму кезеңдерінде ғалымдарды толғандырған маңызды мәселелердің бірі. Тарихқа көз жіберсек, отбасы, құндылық және отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтар жөніндегі идеялардың сонау ежелгі философтар Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұни және одан кейінгі ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқанын көреміз. Сондай-ақ, Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ағартушылар еңбектерінің қыз балалар үшін отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда алатын орны ерекше. Отбасындағы және білім жүйесіндегі тәрбие беру жұмыстарын нәтижеге қарай бағыттауда бірнеше ғылым салалары бойынша ғалымдардың еңбектері кездеседі. Мысалы, отбасы және құндылық, отбасы-адамгершілік құндылықтар феноменін, әр түрлі жастық топтағы білім алушылардың отбасылық құндылықтарын қалыптастыру мәселесін В.И.Загвязинский, В.В.Краевский, Б.Т.Лихачев, Н.Д.Никандров, Р.К.Төлеубекова, Х.Т.Атемова, С.С.Қоңырбаева және т.б. ғалымдардың зерттеу нәтижесі құрайды [1].

Біздің ойымызша, жоғарыда қарастырылған мәселелердің көпшілігі гендерлік тәрбиенің педагогика саласында антикалық заманнан бастап осы күнге дейін қарастырылып келе жатқандығын айғақтайды. Бүгінгі студентке, болашақ ата-аналар мен тәрбиешілерге, сондай-ақ

кәсіби біліміне және бағытына қарамастан, гендерлік мәселе баршаға қызықты, қажетті де маңызды мәселелердің бірі болып қалмақ.

Қолданылған әдебиеттер

1. Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасыадамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. - Алматы, 2019. -175б.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1986. - 358 б.
3. Коломийченко, Л.В. Социальное воспитание детей в культурологической парадигме образования. - Пермь: Перм. гос.пед. ун-т., 2017. - 155 б.
4. Гахраманова Г.Н. Исследование социальных механизмов формирования гендерных различий // XXI век: итоги прошлого и проблемы настоящего плюс. -2017. Т. 2. № 1 (23). Б. 56-62.
5. Степанова Н.В., Петрова В.Н. Влияние гендерных установок в ситуации конфликта на поведение в межличностных конфликтах юношей и девушек // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. 2021. № 3. С. 207-209.
6. Шағырбаева М.Д. Қазақ қыздарының тәрбиесі туралы педагогикалық ойлардың даму тарихы және тенденциялары. - Алматы, 2010. -75б.

ОӘЖ 178.339

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Ульярова Самал, магистрант

samal-nice@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші -Байсарина С.С., п.ғ.к., доцент

Аутизм - ми дамуының бұзылуынан туындайтын және әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың айқын және жан-жақты жетіспеушілігімен, сондай-ақ шектеулі мүдделермен және қайталанатын әрекеттермен сипатталатын ауытқу болып табылады. Бұл ұғымды 1912 жылы Э.Блейлер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген [1].

Аутизм ауруын бірінші ашып зерттеген америка психиатрі Лео Каннер. Балалық аутизмді әр түрлі болады және зиятпен сөйлеу дамуының деңгейлері әр түрлі болады. Л.Каннер бойынша ерте балалық шақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді: аутистикалық уайымдар, стеротипі, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық, сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер.

Аутист балалардың есте сақтау қабілеттілігі жоғары болады. Математика және музыка салаларында дарынды, тіпті бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Жалпы, аутизм белгілері үш жасқа дейін байқала бастайды. Аутизмнің себептері мидағы синаптикалық байланыстардың жетілуіне әсер ететін гендермен тығыз байланысты, дегенмен аурудың генетикасы күрделі және қазіргі уақытта аутизм спектрінің бұзылуының пайда болуына не әсер ететіні белгісіз. Сирек жағдайларда аурудың туа біткен ақауларды тудыратын заттардың әсерімен байланысы анықталады. Аутист бала сұрақ қоймайды және жауап та бермейді, мимика, ым-ишарат (жест) арқылы қарым-қатынас жасаудан бас тартады [2].

Аутист балаларды 4 топқа бөлуге болады:

А) Аурудың ауыр көрінісімен сипатталатын топтағы балалар безушілік, ортадан оқшаулау, еш нәрсеге көңіл аудармау ерекшеленеді, көп уақытын түңілумен өткізеді. Мұндай балалар